

Аудиттің даму тарихы

Орындаған: Бектегенова Мақпал
Қабланбаева Айнұр
Шолпанова Айгүл

ЖОСПАР:

- Аудит термині
- Ерте ғасырлардағы аудит
- Аудиттің даму тарихы
- Кейбір мемлекеттердегі аудиттің даму тарихы
- Аудиторлық комитеттердің дамуы



- *Аудит* термині осыдан екі мың жыл бұрын «audio» деген латын сөзінен шыққан, аудармадағы мағынасы «ол естиді» немесе «естуші» дегенді білдіреді.

- Америкалық бухгалтерлер ассоциациясы комитеті бухгалтерлік есептің негізгі тұжырымдамасы бойынша (ААА) аудитке мынадай анықтама берді: «Аудит – бұл экономикалық іс-әрекеттер мен оқиғалар туралы объективті деректердің бағалауын, оның деңгейінің белгілі бір өлшемге (критерийге) сәйкесітігін алудың және мүдделі пайдаланушылардың нәтижелерін ұсынатын үдеріс».





- Есеп берудегі мәліметтердің дұрыс көрініс табуын жасау және бақылау біздің дәуірімізге дейінгі IV мың жылдығынан басталады. Сонымен бірге, Ніл, Тигр және Евфрат өзендерінің жазықтарындағы Таяу Шығыстағы ежелгі өркениетте жоғары дәрежеде ұйымдастырылған мемлекет құрылып, шаруашылық қызмет жүргізілді, үкімет өнім, мүлік, салық жинау, орындалған жұмыс, қазынаны толтыру және кіріс және шығыс есептерімен айналысты. Бақылаудың әр түрі жүзеге асырылды, оның ішінде аудит те бар. Мұндағы мақсат – қателіктерді азайту және шенеуніктер тарапынан алдау әрекеттеріне жол бермеу.



- Ревизиялық қызмет Вавилон, Мысыр, Рим, Қытай және Греция сияқты антикалық елдерде де болған. Мысалы, ежелгі мысырда (біздің дәуірімізге дейінгі 3400-2400 жж.) мүлікті түгендеу кезең сайын, ал шаруашылық операцияларын бақылауды үш адам жүзеге асырған. Оның біреуі не нәрсе берілді, соның санын папирусқа белгілеп отырса, екіншісі нақты босатуларды жүзеге асырған, ал үшіншісі ауытқуды анықтау үшін берілген мүліктердің немесе өнімдердің санын нормамен салыстырып отырған.

- Есепті жүргізу бойынша арнайы заңнама алғаш рет Вавилон мемлекетінде пайда болған. Хаммурапи заңы (біздің дәуірімізге дейінгі 2200-2150 жж.) көпестерге дербес есеп жүргізуді, ал храмға – мемлекеттік есепшілікті жүргізуді әмір етті, ақшаны қолхатсыз беруді жарамсыз деп саналған.




- XII ғасырда Ұлыбританияда екі типті аудит жүргізілген:
- 1) аудит қалаларда елдің көзінше, яғни жария түрде – билеп-төстеуші лауазымды тұлғалардың қатысуымен жүзеге асырылған, қазынашы аудиторлық есеп беруді ауызша, яғни елге естірте оқитын болған;
- 2) ірі помещьенің қаржылық басқарушының төлем шотын «аудиторлық декларацияға» орай «дебет және кредит» бойынша егжей-тегжейін тексеру, яғни оны помещьенің қожайыны мен басқарушылар кеңесінің алдында ауызша есеп берген.



- XIX ғасырдың екінші жартысында ғана кәсіби аудит тұтас іскерлік әлем мен кәсіпкерлік қызметтің маңызды құрамдас бөлігі болды. Бұл темір жолдарын салу мен сақтандыру компанияларының, банктердің, акционерлік қоғамдардың өсуімен байланысты. Ағылшындық темір жол және сақтандыру компаниялары мен басқа да инвесторлар Солтүстік Америкаға аттанғанда, яғни бағыт алғанда олармен бірге аса ірі ағылшын кредиторларының мүддесін қорғау үшін тәуелсіз аудиторлар да барды.

- Осыған байланысты солтүстік америкалық аудиттің шығу тегі «ағылшындық» болып табылады және XX ғасырға дейін АҚШ-тың тәуелсіз аудиті ағылшындық үлгімен құрылып келді. Ол балансқа қатысты мәліметтерді егжей-тегжейлі зерттеуді ұйғарды. Роберт Х. Монтгомери американдық аудиттің сол кезеңін «есепшоттық аудит» деп атаған, өйткені аудитордың жұмыс уақытының төрттен үш бөлігі есептеу және бухгалтерлік кітапты жасауға кетті. Аудит рәсімі (процедурасы) жылдам ұлғайған америкалық бизнеске бейімделе бастағанда шектен тыс қаражатты талап ететін есептеу мен көшіруді тексеретін британдық стиль біртіндеп американдық «тестілік аудитке» өзгеріп, ауысады (трансформацияланды).



Мемлекет	Мерзімі	Түсіндірме
1	2	3
Ұлыбритания	XVI-XIX ғасырлар	Аудиттің дамуына экономикалық түрлендірілген және де кәсіпорын басқарушылары (акционерлер, меншік иелері, инвесторлар) көзқарастарының өзгеруі әсер етті.
	1844 ж.	Акционерлік қоғам туралы заңның қабылдауына байланысты кәсіпорын басшылары жыл сайын акционерлердің алдында аудитордың тәуелсіз есебі арқылы есеп беруге міндетті болды.
	1862 ж.	Барлық акционерлік қоғамдар міндетті түрде аудиттелуге тиіс болады.
	1879 ж.	Жыл сайынғы міндетті аудит тексеруін өткізуге енді барлық коммерциялық банктер де жұмылдырылды.
Германия	1870 ж.	Акционерлік қоғам туралы заңға толықтырулар енгізілді. Олар бақылайтын кеңестерге акционерлік қоғамдардың тапқан таза табыстарының болуы туралы есеп беруге, қаржы құжаттарын тексеріп, оны акционерлік қоғамның жалпы жиналысына талқыға салуға міндетті болды.
	1931 ж.	Ішкі ревизордың жүргізген тексерулерінің нәтижесінде көптеген акционерлік қоғамдар банкротқа ұшырағаннан кейін, Германия ішкі аудит туралы заңдарына өзгерістер енгізді. Бұл заң бойынша енді аудитті сыртқы аудиторлар жүргізетін болды. Енді аудит жүргізу барлық ірі акционерлік қоғамдарға міндетті болды.

АҚШ	1996 ж.	Заң түрінде аудитор қызметі реттелді. Бұл заң бойынша Нью-Йорктегі университетте емтихан тапсырған және аудитор қызметімен айналысуға лицензиясы бар әрбір бухгалтер аудитор бола алады.
	1932 ж.	Бағалы қағаздардың дұрыстығы туралы акт қабылданды. Бұл акт бойынша енді акциялар мен облигациялар шығаратын жеке меншік компанияларға аудит жүргізілетін болды.
	1948 ж.	Америкалық бухгалтерлер институты жалпы аудит стандарттарын бекітті.
Халықаралық статус Штаб пәтері Нью-Йоркта (АҚШ)	1977 ж.	Халықаралық бухгалтерлер федерациясы құрылып (IFAC), аудиторлық тәжірибе жөніндегі халықаралық комитет жұмыс істеді. Бұл комитет Халықаралық аудит стандарттарын әзірлеумен айналысатын болды.
	1995 ж.	Халықаралық бухгалтерлер ассоциация (IAPC) құрылды. Осының негізінде Халықаралық аудиторлық комитет жұмыс (IFAC) істейді. Бұл комитет аудиттің халықаралық стандарттарын дайындайды.
Қазақстан	1993 жылы 18 қазанда	Республикадағы аудиторлық қызметті реттеу негізінде «Аудиторлық қызмет туралы» бірінші Заң қабылданды.
	1998 жылы 20 қазанда	Аудиторлық қызметтің тәуелсіздігін дәлелдейтін «Аудиторлық қызмет туралы» жаңа Заң қабылданды.
	2000 жылы наурызда	Аудиторлардың республикалық конференциясында аудиторлық қызметтің халықаралық стандарттарын ұлттық қызмет ретінде қолдану көзделді.



- XX ғасырда бухгалтерлер мен аудиторлардың аса ірі трансұлттық ұйымдардың құрылуына әкеп соқтырған әлемдік экономика мен бизнестің ғаламдасу (глобализация) тенденциясы біршама тереңдей түсті. Кәсіби аудиттің дамуы үшін Халықаралық есеп стандарттары бойынша Комитет (IASB – 1973 ж. негізі қаланған), Жоғары бақылау органдарының халықаралық ұйымы (INTOSAI – 1953 ж.), Халықаралық бухгалтерлер федерациясы (IFAC – 1977 ж. құрылған), БҰҰ-да 1979 жылы құрылған Есеп пен есеп берудің халықаралық стандарттары бойынша үкіметаралық сарапшылардың жұмысшы тобы (ISAR) сияқты халықаралық және аймақтық ұйымдар қызметтің маңызы айрықша.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!!!**

